

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы 25 мамыр Соңғы қоңырау күніне орай «Мектебім, саған мың алғыс!» атты іс-шараның

АНЫҚТАМАСЫ

Іс-шараның мақсаты:

Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру, мәдени құндылықтарды баланың бойына сіңіру.

Жас ұрпақты туған жерін, туған елін құрметтейтін, саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектепте» "Біртұтас тәрбие бағдарламасы " аясында 2024 жылдың 25 -мамыр күні соңғы қоңырау мерекесіне орай «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында 11-сынып бітіруші түлектердің салтанатты жиыны болып өтті. Іс -шара Әнұранмен басталды. Жүргізушілер ортаға әр түлекке сипаттама ретінде шығарылған өлең жолдары арқылы 11 сынып оқушылары және сынып жетекшілері шықты. Жиынға ардагер ұстаздар, құрметті қонақтар келіп, құттықтау тілектерін білдірді. Мектеп директоры Ж.А.Орынбаева мектеп бітіруші түлектерді, ұстаздар қауымын және жиналған оқушылар мен ата-аналарды соңғы қоңырау мерекесімен құттықтап, биылғы жылдың жетістіктерін айтып, түлектерге сәт сапар тіледі. Ақын, жазушы, философ, қоғам қайраткері, тұңғыш дипломат, елші Нәзір Төреқұловты бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. «Балауса» би тобының бишілері «Земля моя» биін биледі. Мереке жалғасы мектеп бітіруші түлектердің ұстаздарына арналып шығарылған арнау өлең, ән – жырларымен, «Мектептегі вальс», «Ұстазға тосынсый» мереке сәнін кіргізді. Соңғы қоңырау соғу салтанаты құрметпен 11- сынып оқушылары сыңғырлаған қоңырау үнімен қоштасқан мектеп бітіруші түлектер ұстаздар қауымымен қимай қоштасты. Мерекелік жиын өте жоғары дәрежеде өтті.



